

Ертіс ауданы бойынша 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 06 мамырдағы N 148/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 мамырда N 3835 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6- бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Ертіс ауданының әкімдігі**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс ауданы бойынша 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындауын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Пішенбаев

Ертіс ауданы
Ертіс ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6
мамырдағы
№ 148/4 қаулысына қосымшасы

Ертіс ауданы бойынша 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Атауы	Мемлекеттік білім б еретін тапсырыс о р ындары	Мемлекеттік қаржы ландырудың айлық өлшемі, теңге	Ата-аналардың ай л ық төлем ақысы, тең ге
1	2	3	4	5
	Ертіс ауданы әкімдігінің Ертіс ауданы білім бөлімінің "№ 1			

1	балабақшасы" Коммуналдық мемлекеттік қазынашылық мекемесі	75 (жергілікті бюджет)	19427	7 жасқа дейін - 5300
2	Ертіс ауданы әкімдігінің Ертіс ауданы білім бөлімінің "№ 2 балабақшасы" Коммуналдық мемлекеттік қазынашылық мекемесі	100 (жергілікті бюджет)	25614	7 жасқа дейін - 4500
3	Ертіс ауданы әкімдігінің Ертіс ауданы білім бөлімінің "Жұлдыз балабақшасы" Коммуналдық мемлекеттік қазынашылық мекемесі	75 (жергілікті бюджет)	27513	7 жасқа дейін - 4600
4	Ертіс ауданы әкімдігінің Ертіс ауданы білім бөлімінің "Айгөлек балабақшасы" Коммуналдық мемлекеттік қазынашылық мекемесі	50 (жергілікті бюджет)	17218	7 жасқа дейін - 3500
5	"Раиса" балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70 (республика-лық бюджет)	17839	7 жасқа дейін - 6000